

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шұбарсу ауыл округі әкімінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 242 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабының 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес, Шұбарсу ауыл округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы – Жобаларды басқару дирекциясына Шұбарсу ауыл округі, Шұбарсу ауылы, Қазына көшесі бойынан талшықты-оптикалық байланыс желісі құрылысы үшін жалпы көлемі 0,0571 га жер учаскесін, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне уақытша өтеусіз қысқа 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің орынбасары А.Бердешовке жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округі әкімі

А.Турсунбаев